

9 – лекция: «Мансапқорлар» пьесасындағы монологтар

Заман шындығы

Адам тағдырының өзгерістері

«Мансапқорлар» пьесасы атақ, дәрежеге құмар ел басшыларының арасындағы тартысқа құрылған. Тартыстың бір жағында Қасқырбай болыс болса, екінші жағында — оның туысқан інісі, тілмашы — Мүсілім. Ол кезінде әкесіне жасаған зорлығы мен оқытпағаны үшін ағасынан кек алмақ, оны өлтіріп, орнына болыс болмақ. Сол үшін болыстың жас әйелімен көңілдес болып, оны болысқа у беруге жұмсайды. Жазушы Мүсілімнің қылығын болыстан кек алумен ғана шектемей, оның адам есебінде жауыздығын, мансапқорлығын көрсетеді. Шығарма туыс адамдардың арасын айырып жатқан жіктелушіліктің, зорлықтың үлкен қоғамдық зұлымдыққа, жауыздыққа ұласып жатқандығын ашады.

Мұндағы психологиялық толғаныс шен-шекпенге құмартқан, паракор, мансапқор адамдар бейнесін ашу үшін пайдаланылады. Ол кейіпкер әрекетімен тікелей байланысты. Кейіпкерлер де кесек. Қасқырбай — көп қырлы, сыртқа айбарын жұмсап, сырын шеше бермейтін, құлқын, мансап үшін ештемеден тайынбайтын озбыр болыстың типі. Оның атын да жазушы тегін таңдамағанға ұқсайды. Қасқырбайдың өмір, дүние жөніндегі ұғымы да өзінің қоғамдағы орнына байланысты. «Бірақ ел жемей азулы болмайсың. Азулы болмай, дәулет табыла ма? ...Ел жеген жалғыз мен бе? Қазақтың жақсыларында бұрынғы, соңғы да ел қанамағаны болды ма? Біз солардан артықпыз ба? Мен алмағанмен, біреуі алады. ...Құдай бізді алуға жаратты, дүние күштінікі».

Мүсілім — мансапқордың жас, зымиян түрі. Ол алдағы тартысты іштей саралап, болыстан зорлық көрген жұртты өзіне тартып алдай біледі. Оның пьеса басында, сахна ашылғанда, екі қолын қалтасына салып тұрып айтатын монологі көп нәрсені аңғартқандай. Тілмаш боп болысты пайдаланып, сол арқылы елдің тұрмыс-тіршілігіне үйреніп, талай пәлеқорлыққа куә болған жас жігіт енді өзі билікке таласады. Өз мақсатына жету үшін жауыздықтың ешбір түрінен бас тартпайды. Мүсілімнің монологі — осы тұрғыдағы толғаныстың түрі. Бүкіл шығарма тартысының басталуы, әрі қарай дамуы Мүсілімнің осы сөзінен тарайды.

Пьесада негізгі кейіпкерлерге қоса, олардың бейнесін толығырақ аша түсуге көмектесіп тұрған біраз қосалқы адамдар бар. Олардың көрнектілері — жастық, әйелдік осал сезіміне малтыққан Күләнда, Сүлеймен молда, эпизодтық болса да, болыс айналасының шындығын түсінуге көмектесіп тұрған халық өкілдері — Қожантай қажы, Көбекбай, Әубәкір шабарман, т.б.